

**«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің
2013 жылғы және 2014 жылғы 1 тоқсандағы төтенше
жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы
қызметінің қорытындылары туралы» тақырыбында
2014 жылғы 19 мамырда өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі В. К. Божконың баяндамасын тыңдап және талқылап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **АТАП ӨТЕДІ:**

2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы және ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында төтенше жағдайлардан қайтыс болғандар мен зардап шеккендердің саны, сондай-ақ төтенше жағдайлардың саны азайды, ол министрліктің тиімді қызметінің айғағы болып табылады.

Сонымен бірге, атқарылған жұмыстарға қарамастан Қазақстанның бірқатар облыстары елді мекендерінің аумақтарын еріген қар сулары басып кеткен жекелеген жағдайлар болды.

Осыны ескере отырып, сондай-ақ жақында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қол қойған, Қазақстан Республикасының бұрынғы қолданыстағы алты заңын шоғырландыратын және төтенше жағдайларға қарсы іс-қимылдың жаңа идеологиясын білдіретін «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан қабылдануы туындайтын нормативтік құқықтық актілерді уақтылы әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етсін.

2. Азаматтардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғалуын қамтамасыз ету үшін азаматтарды болуы мүмкін төтенше жағдайлар туралы уақтылы хабардар етуге мүмкіндік беретін түбегейлі шаралар қабылдасын. Төтенше жағдайлар саласындағы білімді

насихаттауды, халықты және мамандарды азаматтық қорғау саласында оқытуды жандандырсын, сондай-ақ:

- төтенше жағдайлар қаупі немесе туындауы кезінде азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің тұрақты әзірлікте болуын дамытсын және қолдасын;

- Қазақстан Республикасының аумағында кезекшілік диспетчерлік қызметтердің қызметтерін үйлестіру қағидаларын және бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметінің өкілеттіктерін бекітсін.

3. Азаматтық қорғаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құруды ескере отырып, азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу, оның мүлкін сатып алу, құру және пайдалану, сондай-ақ, төтенше жағдайларды жою үшін азаматтық қорғау құралымдарын даярлау және оған тарту талаптарын қайта қарастырсын.

4. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындай отырып, төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен азаматтарға уақтылы көмек көрсету үшін:

- табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу;

- төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйсіз қалған азаматтарға тұрғын үй беру тәртіптерін белгілесін.

5. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін:

- азаматтық қорғау күштерін даярлауды және тұрақты әзірлікте ұстап тұруды қамтамасыз етсін;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның жұмысын жандандырсын;

- азаматтық қорғау мониторингі жүйесін ұйымдастыруды және оның тиімді қызметін қамтамасыз етсін;

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырсын.

6. Адамдардың өліміне әкеп соққан бөгеттердің қирауы жағдайларының болуына байланысты, бөгеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын және ағымдағы жылдың аяғына дейін:

1) бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын;

2) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталатын ұйымдарға қойылатын талаптарды;

3) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітсін.

7. 2015 жылғы көктемгі-су тасқыны кезеңі басталғанға дейін су шаруашылығы құрылыстары меншік иелерінің осы құрылыстардың жұмыс істеу режимдерін, сондай-ақ, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды сақтауына тиісті бақылауды қамтамасыз етсін.

8. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін дамыту мақсатында үлгілік өрт сөндіру деполарының және суда-құтқару стансаларының құрылысын кезең-кезеңмен салуға арналған қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастырсын.

9. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері құрылмаған аумақтарда халықты өрттен қорғау үшін:

- жергілікті атқарушы органдардың өрт сөндіру бекеттерін құруы және оларды материалдық техникалық жарақтандыруы;

- дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендердегі өрттерді сөндіру қағидаларын әзірлесін және бекітсін.

10. Бизнеске әкімшілік қысымды бір мезгілде азайту кезінде техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендірудің нақты қағидаларын, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін айқындасын.

11. Төтенше жағдайларды жою бойынша шараларды уақтылы қабылдаудың нақты тетігін жасасын және:

- мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу;

- мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару және кәдеге жарату (жою);

- мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттеріне шығындарды өтеу, сондай-ақ мемлекеттік резервтің төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою, нарыққа реттеушілік ықпал ету, босқындарға көмек көрсету және гуманитарлық көмек көрсету үшін пайдаланылған материалдық құндылықтары үшін шығындарды өтеу;

- материалдық құндылықтарды жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен шығару мәселелерін заңға тәуелді актілермен реттеу жолымен мемлекеттік материалдық резервтің сақталуын қамтамасыз етсін.

12. Төтенше жағдайлар туындаған кезде халыққа көмек көрсетудің тиімділігін арттырсын, атап айтқанда, ел автожолдарының қауіпті учаскелерінде трассалық медициналық-құтқару пункттерін құру бойынша жұмысты жалғастырсын.

13. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан міндетті сақтандыру институтын енгізу жөніндегі жұмысты жандандырсын, Қазақстан Республикасының Парламентіне төтенше жағдайлардан сақтандыру жүйесін енгізу мәселелері бойынша заң жобасын енгізуді жылдамдатсын.